

УДК 316.334:21

**ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ДІНДАРЛЫҒЫ: ӨЗІНДІК САНА МЕН БОЛМЫСЫ
(Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы мысалында)**

Гүлдарина Нұрмағанбет
d_nurmaganbetova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
В-50100 - «Әлеуметтану» мамандығының студенті
Ғылыми жетекші – Тажибаева Г.Д, ә.ғ.к. аға оқытушысы

Кілт сөздер: дін, жастар, көзқарас, сенім, діндардық, сана және болмыс, құндылықтар, жастар арасындағы діннің рөлі;

Қазіргі таңда әлеуметтанушылар «жастар» деген ұғымды жас ерекшеліктер және сонымен байланысты қызмет түрлерінің негізінде пайда болатын топтасқан көпшіліктің жалпылама жиынтығы ретінде айқындайды. Қысқа мағынада, жастар–жас адамдардың әлеуметтік жағдайының ерекшеліктері, олардың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орны мен қызметі, ерекше құндылықтары мен мүдделері негізінде бөлінетін әлеуметтік-демографиялық топ. Әлемде БҰҰ-ның мәліметі бойынша, 15-пен 24 жас аралығындағы жас азаматтар 1,3 миллиард шамасында. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес 14 жастан 29 жасқа дейінгі адамдарды жастар деп атау қабылданған. Бұл жастағы адамдар тобы еліміздегі тұрғындар санының 27,4% (4 510 435 адам) құрайды және өте маңызды болып табылады. Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесіретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал ету спектрі күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда. Бүгінде Қазақстандағы 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың үлесіне халықтың жалпы санының 27,8%-ын, яғни 4,5 миллионнан астам адамды құрайды. Олардың 700 мыңнан астамы – студенттер. Бұл ретте ауылдық жерлердегі 46%-ды құрайтын жастарға қарағанда 56%-ды құрайтын қала жастарының саны басымырақ келеді.¹

Қазіргі заманғы әлеуметтік, экономикалық және құндылық дағдарыстары аясында жастар мен діннің арақатынасы, оның руханилығы мен діни өзіндік сана деңгейі мәселелері өзекті мәселелердің бірі болып саналады.²

Қазіргі Қазақстанда 17 конфессия бар, олар мемлекеттің бақылауындағы 3 493 діни субъектіні (шіркеулер, мешіттер, молельни және т.б.) білдіреді. Сонымен бірге секталар мен Оккультизм-мистикалық ағымдар мәселесі сақталуда. 2014 жылы тек дін мәселелерін зерттеу орталығына әртүрлі деструктивті діни бірлестіктерден зардап шеккен 215 адам көмек сұрады. Ресми емес мәліметтер бойынша, 500 мыңнан астам отандастарымызға түрлі секталар қысым көрсеткен, олардың 80% - ы жастар.³

2013 жылғы әлеуметтік сауалнама көрсеткендей, 18-29 жас аралығындағы респонденттердің 75,3% – ы белгілі бір дәрежеде сенушілер, 24,7% - ы сенбейтіндер. Жастардың 14,3% - ы мешітке, шіркеуге, синагогаға үнемі барып тұрады. Респонденттердің тек 0,5% - ы жаңа діни көзқарастарды ұстанатындарын хабарласа да, 23% - ы қазақстандықтар біздің діліміз үшін дәстүрлі емес діни көзқарастар мен нанымдарды қабылдай алады деген тезисті жақтап, мұндай көзқарастарды неғұрлым демократиялық және заманауи деп санады.

Әлеуметтанушылардың пікірінше, елдегі, ірі аймақтағы діндарлықтың жай-күйін ашу үшін сауалнама нәтижелерінен гөрі кеңірек және терең мәліметтер қажет. Бұл жағдайда жаппай діни сана мен діни идеологияда болып жатқан процестерді, сондай-ақ халықтың конфессиялық құрылымын, діни ұйымдар қызметінің бағытын, сипаты мен қарқындылығын, олардың қоршаған әлеуметтік ортаға әсерін ескеру қажет.

Қазақстандағы әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері көрсетіп отырғандай, Тәуелсіздік жылдарында халықтың діндарлығының өсуі бұлжытпай жүрді, ал жастар арасында бұл көрсеткіш айтарлықтай серпінді көрсетіп отыр. 2003 жылы өздерін діни адамдар деп атаған респонденттердің үлесі 38,7% - ды құрады. 2007 жылы респонденттердің 77,3% - ы өздерін діндарлар деп атады. 2009 жылы жас қазақстандықтардың 83,3% - ы өздерін діни деп атады. Жалпы, зерттеулер жастар арасында діндарлық пайызының белсенді өсу динамикасын көрсетеді. Жастардың руханиятын қалыптастыру, оның қоғамдағы әлеуметтенуі діни құндылықтармен тығыз байланысты. Дін Қазақстанның қоғамдық өмірінде жыл сайын өсіп келе жатқан маңызға ие. Діни "қайта

¹ <https://muslim.kz/article/zhastarda-zhalgan-dini-agymdarga-qarsy-immunitet-qalyptastyru-uaqyt-talaby>

² http://vestnik.ineu.edu.kz/files/articles/old/article_304.pdf

³ <http://agkipr.kz/archives/158>

өрлеу" мысалдарын біз халықтың әртүрлі жас топтарында байқаймыз, бірақ бұл әсіресе жастар арасында байқалады.⁴

Мұнда әртүрлі аналитикалық материалдар негізінде жинақталған жастар арасында діндарлықтың өсуінің негізгі себептері келтірілген:

- дін "сәнге" айналып, ұлдар мен қыздардың әлеуметтік қалыптасуының күрделі процесіне жаңа нәрсе әкеледі;
- қоғамның әлеуметтік тобы ретінде жастардың осалдығы мен тұрақсыздығына байланысты діндарлықтың өсуі байқалады;
- жастар әлеуметтік және адамгершілік-идеологиялық бағдарларын жоғалтты, оның рухани-адамгершілік бағдарларын дамыту мүмкіндіктері айтарлықтай шектеулі;
- жастарды әлеуметтендіру институттарының (отбасы, мектеп, кәсіптік білім беру жүйесі, қоғамдық-саяси ұйымдар, қозғалыстар) рөлі әлсіреді);
- жастардың жеткілікті өмірлік тәжірибесі, білімі, Әлеуметтік дайындығы жоқ, басымдықтары мен құндылықтары айқындалмаған⁵

Жастар арасында діндарлықтың үш түрін бөлуге болады:

- 1) саналы-толық/ішінара батыру және діни догмаларды ұтымды / мағыналы ұстану (атрибутика, сөйлеу мәнері, дұға ету);
- 2) іріктемелі-күш, уақыт, қаржы шығындарын талап етпейтін салттарды орындау;
- 3) «сәнді» - уақыт, қоршаған орта, өмірдегі қиындықтар және т. б.

Жастар көбінесе түпкілікті нәтиженің барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін алдын-ала ескере отырып, емшілер мен жұлдызнаманың болжамына үміттенеді. Мұның себептері:

- 1) діннің рөлі, орны және функциялары/мүмкіндіктері туралы белгісіздік;
- 2) жаңа Қазақстандық зайырлы-діни менталитеттің дамуы мен жұмыс істеуі процестерінің бақыланбауы;
- 3) мемлекет пен дінбасылардың діни жастармен диалогы зағип адамның мылқаумен сөйлесуіне ұқсайды, яғни оны жай естімейді немесе тыңдағысы келмейді;
- 4) Қазақстанның конфессиялық өрісінде псевдохристиандық, квази-исламдық, нео-бағдарлық мағынадағы көптеген жаңадан құрылған діни қауымдардың болуы;
- 5) мемлекет пен дінбасылардың жастар арасында діндарлық деңгейінің қарқынды секіруіне дайын болмауы.

Мәселелер мен мүмкіндіктерге келетін болсақ, мыналарды атап өту керек:

- Зайырлы құндылықтардың мағынасын ұмыту және жоққа шығару;
- Этномәдени бірегейліктің жоғалуы;
- Негізгі әлеуметтік институттардың жойылуы;
- Мемлекет пен жастар арасындағы диалогты жолға қою;
- Дәстүрлі діни институттардың заңдылық деңгейін арттыру;
- Жастардың рухани серпінін сындарлы арнаға бағыттау.⁶

⁴ <https://muslim.kz/article/zhastarda-zhalgan-dini-agymdarga-qarsy-immunitet-qalyptastyru-uaqyt-talaby>

⁵ <https://elar.ufrf.ru/bitstream/10995/46027/1/ipoy-2016-03.pdf>

⁶ <http://agkipr.kz/archives/158>

Диаграмма 1. Сіздің дүниетанымыңыздағы " дін " ұғымы нені білдіреді?



Диаграммада көрсетілгендей жауап берген респонденттер санының 70,8% жастар көзқарасы бойынша Дін ең алдымен рухани тазару мен құлшыныстың қайнар көзі болып табылады. Қазіргі жастардың дінді қабылдауы жастардың ішкі дүние тұрғысынан, ішкі ізденіс пен ішкі қолдауды қажет ететіндіктен, дінді алдымен ішкі тірек деп қабылдауымен түсіндіруге болады. Сонымен бірге, жастардың бір (7,7%) дінді ұлттық дәстүр деп түсінсе, жауап бергендердің келесі ең (16,9%) ең алдымен дін әлемдік пен мәдениеттің бір бөлігі деп есептейді. 4,6% жастар дінді тек

қана ритуалдар мен салттардың жиынтығы деп қарастырады. Бұл сауалдың жауаптарына талдау жасай отырып, қазіргі жастар рухани құндылықтар мен діни сенімге көңіл бөле отырып, дінді ең алдымен ішкі дүниенің қажеттілігіне жауап беретін, рухани қауісіздік кепілі ретінде қабылдайтындығы анықталды. Әлемдік тарих пен ұлттық дәстүрдің бір-бірінен ажырамас түсінік ретінде қарастырады.

Диаграмма 2. Өз дініңіз туралы не білесіз?



Диаграммада көрсетілген мәліметтерге сай, респонденттердің басым көпшілігі - 40% өз діндерінің пайда болуы мен даму тарихымен таныс. Діни мерекелер мен салт-

дәстүрлерді білетін жастар санын пайызға шаққандағы үлесі 26,2% құрады. 4,6% жастар өз дінінің барлық канондарын білсе, 6,2% жастар мен 20% жастар дұғалар мен қасиетті жазбаларды білетіндігі анықталып, 3,1% жас өз діні туралы ешқандай мәліметтерді білмейтіндігі мәлім болды. Келтірілген көрсеткіштерді қорыта келе, қазіргі жастар кем дегенде өз діндерінің мерекелерін, салт – дәстүрлерін, өз дінінің пайда болуы мен даму тарихын білетіндігі анықталды. Жастардың білімін аңқайтын өзге сипаттамалардың көрсеткіштері төмен болғанымен, сипаттама көрсеткіштері арқылы жастар бойында өз ұстанған дін жөнінде негіз бола алатындай мәліметтер бар екендігіне көз жеткізе аламыз.

Диаграмма 2. Сіздің дінге қарым-қатынасыңыз қандай?


Бұл сұрақтың көрсеткіштерін қарастыра отырып, келесі тұжырымдарға келдік.

- Респондент жастардың басым бөлігі (52,3%) өздерінің дінге деген қатыстылығын «Мен дінге сенемін және дәстүр бойынша діни салттарды ұстанамын» деп сипаттады. Бұл көрсеткіш қазіргі таңда жастар арасындағы дінге деген қызығушылықтары мен дінді ұстануы арта түскендігі дәлелденді.
- Жастардың келесі бөлігі (18,5%) дінге сенгенімен, діни өмірге қатыспайтындығын айтты. Бұл көрсеткіштен сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі өздерін белгілі бір дінге қатыстылығын білдіргенімен, діни өмірде белсенділік танытпайтындығын ескерді.
- Алайда, респонденттердің (21,5%) өздерін дінге сенуші, діни қауым мүшесі және дәстүр бойынша діни салттарды ұстанатындығын көрсетті.
- Жауапқа тартылған жастардың өз жауаптарында дінге сенбейтіндігін, бірақ өзге діндегілердің діни сезімдерін құрметтейтіндігін білдірген респондент саны 1,5% құрады.
- Жастардың дінге деген қатыстылығын білдіретін келесі сипаттама бойынша: дінге сенбейтін, қарсылық танытатын діни дүниетаным позициясы иелері жауап беруші респонденттер құрамының 0% құрады. Ашып айтар болсақ, сауалнама көрсеткіштеріне сәйкес қазіргі жастар арасында атеистік діни дүниетанымды жастар саны жоқтығы айқындалып отыр.

Қазіргі жастардың діни көзқарасының қалыптасуындағы ендігі маңызды факторлардың бірі - діни дүниетанымның қалыптасуына ерекше әсер етуші факторлар болып табылады. Зерттеу бағдарламасының негізгі мәселелерінің бірі ықпал етуші факторлардың анықталуы болып табылады.



Диаграмма 3. Сіздің діни көзқарасыңызға ықпал етуші факторлар:



Респонденттердің жауаптарын талдай келе қазіргі жастардың дінге деген қатыстылығы анықталды. Жауап берген жастардың басым бөлігінің (23 респондент - 35,4%) дінге деген қатыстылығы отбасының ықпалымен. Одан кейінгі орында діни дүниетанымның қалыптасуына ықпал еткен өз бақылауы мен жеке тәжірибесі деп жауап бергендер тобы (27,7%) болды. Саны жағынан үшінші орында орналасқан респонденттер (13,8%) діни қызметкерлермен араласуының нәтижесінде дінге деген қатыстылығы қалыптасқандығын айтқан болса, одан кейінгі кітап оқу арқылы діни дүниетанымның қалыптасқандығын айтқан респонденттер (3,1%) орналасты. Сауалнамаға қатысқан жастардың келесі бөлігі (9,2%) достарының ықпалымен дінге деген қатыстылығы қалыптасқандығын көрсеткен болса, бұқаралық ақпараттық құралдар діни дүниетанымның қалыптасуына әсерін тигізгендігін айтқан жастар (1,5%), сонымен қатар, өміріндегі қайғылы оқиғадан кейін діни дүниетанымның өзгергендігін айтқан жастар (3,1%) соңғы орынға орналасты.

Өз пікірлері бойынша: *«нұсқада көрсетілген барлық жауаптар әсер етеді», «Өмірлік таным мен көзқарасым, отбасы, айналам», «әр түрлі жағдайлар»* деген сынды жауаптар болды.

Осылайша, жүргізілген сауалнама жауаптары аясында мынадай тұжырымдарға келуге болады. Қазіргі таңдағы жастардың діни дүниетанымына, діни сенімнің қалыптасуына негіз болатын ол ең алдымен отбасының ықпалы болып табылады, яғни кез келген жас буын өкілі отбасының діни ұстанымын негізге алады. Сонымен бірге, қазіргі жастар өздерінің жеке пікірі мен көзқарасының қалыптастырып, өмірлік, діни позициясының тұрақтану шағы орын алып отырғандығы байқалады.

Диаграмма 4. Сіз үшін дін туралы білімнің маңыздылығы қандай?



Диаграммада көрсетілген зерттеу нәтижесінің көрсеткіштеріне талдау жасайтын болсақ, қазіргі жастардың басым көпшілігі (44,6%) дін туралы білімнің маңыздылығын дін

халықтың рухани негізі деп түсінуімен байланыстырады. Ал респондент жастардың келесі бөлігі (32,8%) дін туралы білімнің маңыздылығын соңғы кездері бақыланып отырған жалған діндердің кең таралуымен байланыстырады. Дін туралы білімнің маңызы зор, себебі қазіргі заман адамының ой-өрісі кең болуы тиіс деп түсіндірген жастар тобы (13,8%) саны жағынан үшінші орынға орналасса, келесі жастар тобы (7,7%) дін туралы білім маңызды емес, себебі дін әр адамның жеке ұстанымы деп түсіндіреді. Ал 1,5% респондент дін туралы білім қазіргі заманғы қоғам талабы деп біледі. Бұл сұрақтың жауаптарын қарастыра отырып қазіргі жастар арасында дін туралы білімнің маңыздылығы саласында мынадай тенденциялар бақалады:

1. Қазіргі жастардың басым көпшілігі дін туралы білімнің маңыздылығын алдымен діннің халықты рухани негізі деп түсінеді.
2. Қазіргі жастар қоғамда орын алып отырған оқиғалар мен үдерістерді назардан тыс қалдырмайды, сонымен қатар, соңғы кезде кең өріс алған жаңа діни ағымдарының кең таралуын қоғамға жағымсыз ықпалын түсінеді.

Диаграмма 5. Сіздің ойыңызша дін туралы білімді қалай дамытқан дұрыс?



Жоғарыдағы диаграмманың көрсеткіштеріне сүйене отырып, қазіргі жастардың басым бөлігі (12,8%) дін туралы білімді жоғарғы оқу орында оқу процессінде қосымша пән ретінде жүргізілгенін қалайтындығын білдірді, сонымен бірге, жастардың келесі бөлігі (34,5%) дін туралы білімді діни қызметкерлермен әңгімелесу арқылы жоғарылатуды дұрыс деп табатындықтарын айтты. Ал респонденттердің 13,8% дін туралы білімді кітап оқу арқылы кеңейтуді дұрыс деп тапса, 24,6% респондент дін туралы білімді жетілдіру үшін жоғарғы оқу орындарда арнайы пән ретінде оқылса деген ниет білдірді. Дін туралы білімді жетілдіру үшін арнайы діни оқу орындарға түсу арқылы жоғарылатуды көздеген респонденттер саны 13,8% құрады.

Диаграмма 6. Басқа дін өкілдеріне қозғарасыңыз қандай?



Жастар арасындағы өзге діни ұстанымдағы жастардың бір-бірімен қарым – қатынасы мен діни төзімділік мәселесін қарастыратын болсақ, «Өзге дін өкілдерімен қатынасыңыз қандай?» деген сауалға, респонденттердің 70,8% кез келген дін өкілдерін құрметтейтіндігі, респонденттердің 3,1% өзге дін өкілдеріне немқұрайлы қарайтындығын айтса, 16,9% жастар жаңа дін өкілдеріне сенімсіздік танытатынын білдірткен болатын, ал респонденттер санының 9,2% тек қана дәстүрлі дін өкілдерін ғана құрметтейтіндігін айтқан болатын. Бұл көрсеткіштерге қарай отырып, қазіргі жастар арасында діни тұрғыда шиеленістер мен наразылықтар орын алмайтындығын байқауға болады. Сонымен бірге, жастарды соңғы кезде қоғамда орын алған жаңа діни ағымдардың қызметтері мен жаңа дін өкілдерінің көбейе түсуі алаңдатушылық білдіретіндігі анықталып отыр. Соның салдарынан жастардың белгілі бір тобы тек қана дәстүрлі дін өкілдерін құрметтейтіндігін білдіртті. Жалпы алғанда, сауалнамаға қатысушы басым жастардың пікірінше олар кез келген дін өкілдерін құрметтейтіндігі айқындалды. Бұл дегеніміз қазіргі жастар арасында діни толеранттылық мәселесі жоқ, керісінше жастар бір-бірінің діни ұстанымдарына қарамастан бір-бірімен жақсы қарым- қатынас тұтып, қоғамдағы орын алып жатқан оқиғаларға назар салып, қызығушылықтарының бары белгілі болды.


Диаграмма 7. Сіздің діни әдет-ғұрыптарды, рәсімдерді, (ғибадатханаға бару, хиджаб кию, намаз оқу және т. б.) ұстанатын адамдарға деген көзқарасыңыз қалай?

Респонденттердің 87,7% құрметпен, 9,2% немқұрайлы қараса, 3,1 % респондент теріс көзқараста.



Диаграмма 8. Сіздің ойыңызша, дін адамға адамгершілікті тәрбиелеуге, адамгершілік нормаларын қалыптастыруға және қоғамдағы адамдардың мінез-құлқын реттеуге көмектеседі ме?

Сіздің ойыңызша, дін адамға адамгершілікті тәрбиелеуге, адамгершілік нормаларын қалыптастыруға және қоғамдағы адамдардың мінез-құлқын реттеуге көмектеседі ме?



Сауалнамаға қатысушы жастардың 75,4% «Иә» деп келісім білдірсе, 13,8% «бұл сауал туралы ойланбадым», 6,2% «жауап беруге қиналамын» деп жауап берген. Ал, 1,5% респондент дін мен тәрбиенің түк қатынасы жоқ деп санайды. Өз пікіріңіз: «Көмектесуі ол адамның өзіне байланысты деп ойлаймын», «Тәрбиеге байланысты» деген пікірлер болды. Бұл дегеніміз қазіргі жастар арасында дін тәрбие мен адамгершілікке тәрбиелейтін негізгі институт деп қарастырады.

Қазіргі таңдағы жастарының діни сенімінің ерекшеліктерін анықтауға арналған ғылыми зерттеу бағдарламасы барысында діни көзқарастардың мәдени, психологиялық, әлеуметтік аспектілері жан жақты қарастырылды.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде жастар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізіліп, алынған жауаптарға талдау жасалынды. Атқарылған жұмыстар барысында мынадай тұжырымдарға қол жеткізілді:

- жастар арасындағы діни сенім пәнаралық зерттеуді талап ететін қазіргі таңдағы күрделі мәселелердің бірі.

- қазіргі Қазақстан жастарының арасында дінге деген қызығушылық артуда және олар өздерінің дінге деген қатыстылығына негізгі екі фактордың : отбасының ықпалы мен жастардың өздерінің жеке тәжірибесі мен бақылауының нәтижесінде қалыптасады.

Сәйкесінше, қазіргі жастардың дүниетанымындағы басты құндылық ол – отбасы болып табылады. Отбасынан үлгі алады, отбасын құрметтейді, жоғары бағалайды. Сонымен бірге, жастардың пайымдауынша, олардың діни идентификациясының негізі болып өздерінің жеке тәжірибесі мен өз бақылауы болып табылады, яғни қазіргі жастардың жалпы дүниетанымы толыққанды қалыптасып, олар ішкі рухани өміріне ерекше мән береді. Маңызды шешім қабылдауда жеке тәжірибесі мен бақылауын жетекшілік етеді;

Алайда, сонымен бірге қазіргі жастардың бір бөлігінің жаңа діни ағымдардың өкілдеріне сенімсіздігі байқалса, екінші бөлігінің тек қана дәстүрлі дін өкілдерін құрметтеп, мойындайтындығы анықталды . Қазіргі жастар арасында дін мәселесі және діни мәселелердің бірі жаңа діни ағымдар мен жалған діни бірлестіктердің қызметтері өзекті мәселе болып табылады;

-жастардың ортасында дін туралы білімнің маңыздылығы терең, жоғары бағаланады, дін халықтың рухани негізі ретінде тұжырымдалады. Қазіргі жастардың дін туралы білімі тек қана діни мерекелер мен салттарды білу, сонымен қатар өз діндерінің пайда болуы мен шығу тарихын білумен ғана шектелгенімен, дін туралы білім алуға қатты қызығушылық байқалады;

- Дін туралы білім алу мәселесінде қазіргі Қазақстан жастарының зайырлы оқу орындарда арнайы пән ретінде немесе қосымша пән ретінде жүргізіліп, білім алу қажеттілігі бар.

- Қазіргі жастар арасындағы дінге деген интенсивті бет бұрыс әр түрлі деңгейде байқалғанымен, жастар арасындағы діни жағдай қалыпты деуге болады. Қазіргі жастар түсінігінде қоғамға, Отанына, халқына қарсы теріс ниеттерінің жоқтығы байқалды.

Қарастырылып отырған мәселелердің күрделілігі бір зерттеу жұмысымен зерттеу жеткілікті емес, сондықтан зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелерді болашақ зерттеулерге бастама болар деген ойдамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- Молодежь и религия: дилемма выбора (24/02/2015) АГ "Кипр"
- «ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ – 2014» ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМАСЫ АСТАНА – 2014
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%B0%D1%83%D0%B0%D0%BB%D0%BD%D0%B0%D0%BC%D0%B0>
- <https://elar.uafu.ru/bitstream/10995/46027/1/ipoу-2016-03.pdf>
- <https://elar.uafu.ru/bitstream/10995/46027/1/ipoу-2016-03.pdf>
- http://vestnik.ineu.edu.kz/files/articles/old/article_304.pdf
- <http://agkipr.kz/archives/158>
- <https://baribar.kz/37556/dintanushy-zhastardynh-dinge-degen-koezqarasy-turaly-aytyp-berdi/>
- <https://elar.uafu.ru/bitstream/10995/46027/1/ipoу-2016-03.pdf>
- Қазіргі таңдағы Қазақстан жастарының діни идентификациясы (Чунгулова Гулдана Коптлеуовна) Алматы, 2014